«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

23.10.2025
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 1128
город Астана

**Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
сот-сараптама қызметі саласындағы
біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамытудың
2027–2029 жылдарға арналған
салалық жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот-сараптама қызметі саласындағы біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамытудың 2027–2029 жылдарға арналған салалық жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын;

2) жоспардың іске асырылуына жылына екі рет мониторинг жүргізуді, іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпаратты жинауды, жалпылауды және тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр **Е. Сәрсембаев**

006566

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің
2026 жылғы 22 қазандағы
№ 04/41596 хатымен

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрлігінің
2026 жылғы 21 қазандағы
№6285-14-12061/14-2-6 хатымен

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2026 жылғы «23» 10
№1128 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот-сараптама қызметі саласындағы біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамытудың 2027–2029 жылдарға арналған салалық жоспары

1. Салалық жоспардың паспорты

Жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Бірлесіп орындаушылар	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі.
Мақсаты	Сот-сараптама қызметін сұранысқа ие сараптама бағыттары бойынша білікті сот сарапшыларымен қамтамасыз ету.
Негізгі міндеттері	1) Саланың ағымдағы және перспективалық қажеттілігін айқындау; 2) Еңбек мазмұны мен жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістерге сәйкес салалық біліктілік шеңберін, кәсіптік стандарттар мен біліктілік талаптарын өзектендіру; 3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – ССО) талаптары мен кадрлар даярлау жүйесі арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету, оның ішінде кәсіптік стандарттар мен саланың қажеттіліктері негізінде білім беру бағдарламаларын өзектендіру; 4) Кадрларға деген қажеттілік негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру;

	5) Сот-сараптама қызметі саласындағы кадр саясатын қалыптастыру және іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың, ССО-ның, білім беру ұйымдарының және Ұлттық біліктілік жүйесінің өзге де қатысушыларының өзара іс-қимылын дамыту.
Іске асыру мерзімі	2027–2029 жылдар.
2029 жылға қарай күтілетін нәтижелер	1) Сұранысқа ие және перспективалы кәсіптерді қоса алғанда, саланың біліктіліктер мен дағдыларға деген қажеттілігінің өзекті және болжамды көрінісін қалыптастыру; 2) Салалық біліктілік шеңберін, кәсіптік стандарттар мен біліктілік талаптарын уақтылы жаңарту арқылы біліктіліктердің салалық жүйесінің өзектілігін қамтамасыз ету; 3) Кәсіптердегі, біліктіліктер мен дағдылардағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізу тетігін қалыптастыру, кәсіптік стандарттарды, білім беру бағдарламаларын және саланы кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

Нормативтік-құқықтық негіз: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот-сараптама қызметі саласындағы біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамытудың 2027–2029 жылдарға арналған салалық жоспары (бұдан әрі – Жоспар):

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне;

2) «Кәсіптік біліктіліктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;

3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;

4) Қазақстан Республикасында еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберіне;

6) Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларына;

7) Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларына;

8) Ағымдағы және болашақ кезеңдердегі кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктіліктерді тануға қажеттілігін қалыптастыру қағидаларына;

9) Кәсіптік біліктіліктерді тану орталықтарын аккредиттеу қағидаларына;

10) Кәсіптік біліктіліктерді тану қағидаларына;

11) Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестердің қызметін құру қағидаларына;

12) Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, өзектендіру және жүргізу қағидаларына;

13) Қазақстан Республикасының біліктіліктер жүйесі, білім беру, жұмыспен қамту мәселелерін, сондай-ақ сот-сараптама қызметі саласындағы дамуды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілері мен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес әзірленді.

Іске асыру мерзімі мен кезеңдері: 2027 – 2029 годы.

Мониторинг және бағалау тетігі: Жоспардың іске асырылу мониторингін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жылына екі рет жүргізеді. Мониторинг қорытындылары бойынша іс-шаралардың іске асырылу барысы және нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу туралы ақпарат қалыптастырылады. Мониторинг нәтижелері Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі ұлттық кеңестің отырыстарында қарау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынылады.

2.Ағымдағы жағдайға қысқаша талдау

Сот-сараптама қызметі – сараптамаларды жүргізу тиісті бейін бойынша базалық жоғары білімді, біліктілік даярлығын және практикалық дағдыларды ұштастыруды талап ететін пәнаралық сала. Кадрларға деген қажеттілік тағайындалатын сараптамалардың түрлеріне, өңірлердегі жүктемеге, даярланған сарапшылардың болуына және зерттеу әдістерінің дамуына байланысты.

Сот сараптамасы жүйесінде филологиялық, құрылыс-техникалық, жол-көлік, компьютерлік-техникалық, экономикалық, психологиялық, химиялық және басқа да зерттеу түрлері бойынша мамандарға деген қажеттілік сақталуда. Мұндай лауазымдарды жасақтау үшін тек заңгерлік қана емес, сонымен қатар техникалық, жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық және өзге де білім беру бағдарламаларының түлектері қажет. Бұл ретте бейіндік дипломның болуы заңнамада белгіленген даярлықтан өту және тиісті сот сараптамаларын жүргізу құқығын алу талаптарын алмастырмайды.

Жеке бағыттардың бірі – сот-медициналық сараптама. Аумақтық бөлімшелер үшін сот-медициналық бейіндегі дәрігерлерді тарту, медициналық білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, резиденттерді даярлау және мамандарды, оның ішінде аудандық және ауданаралық бөлімшелерде тұрақтандыру мәселелері өзекті болып табылады.

Кадрлар даярлау жекелеген сараптама түрлерінің тар мамандануына және бастапқы біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер санының шектеулілігіне байланысты күрделене түсуде. Осыған байланысты мамандықтар мен өңірлер кескінінде кадрларға деген қажеттілікті жүйелі

түрде айқындау, жоғары білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау және қолданыстағы өкілеттіктер шегінде біліктілік даярлығын ұйымдастыру қажет.

Цифрландыру, электрондық құжаттардың таралуы, цифрлық жүйелердің дамуы, көлік және құрылыс технологияларының өзгеруі сот сарапшыларының құзыреттеріне қойылатын қосымша талаптарды қалыптастыруда. Цифрлық деректерді зерттеу, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану, заманауи аспаптық және талдамалық әдістерді пайдалану дағдыларының маңызы артып келеді. Бұл даярлық мазмұны мен біліктілікті арттыру бағдарламаларын мерзімді түрде қайта қарауды талап етеді.

Қолданыстағы салалық біліктілік шеңберлері мен кәсіптік стандарттардың нақты сараптамалық қызмет түрлеріне, қолданылатын әдістерге және кадрларға деген қажеттілікке сәйкестігін бағалау орынды. Жаңа құжаттарды әзірлеу немесе қолданыстағы құжаттарды өзектендіру расталған қажеттілік болған жағдайда, бейінді мамандар мен кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің қатысуымен жүзеге асырылуға тиіс.

Осылайша, 2027–2029 жылдарға арналған басымдықтар кадрларға деген қажеттілікке жыл сайын талдау жүргізу, біліктілік талаптары мен кәсіптік стандарттарды өзектендіру, бейінді жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылды кеңейту, сот сарапшыларын біліктілік даярлығынан өткізу және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ цифрлық және арнайы кәсіптік дағдыларды дамыту болып табылады. Көзделген іс-шаралар есептілік жүктемесін негізсіз арттырмай, негізінен ағымдағы қызмет шеңберінде орындалуға тиіс.

3. 2027–2029 жылдарға арналған сот-сараптама қызметі саласындағы біліктіліктер мен дағдылар жүйесін дамытудың салалық жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

№	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
I. Кадрларға және кәсіптерге деген қажеттілікті болжау				
1	Бос штат бірліктеріне, ұзақ уақыт бойы толтырылмаған лауазымдарға және мамандықтар мен өңірлер кескінінде сот сарапшыларына деген	ӘМ-ге жинақталған ақпарат	Жартыжыл сайын	ССО

	қажеттілікке талдау жүргізу			
2	Олқылықтар анықталған жағдайда кәсіптер жіктелімдері мен кәсіптер тізбелерін нақтылау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ӘМ-ге ұсыныстар	Қажеттілігіне қарай	ССО
II. Кадрлар мен дағдыларға деген қажеттіліктің болжамы негізінде біліктіліктердің салалық жүйесін қалыптастыру				
3	Салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және (немесе) өзектендіру	СБШ, СК хаттамасы	2027–2029 жылдар (қажет болған жағдайда)	ӘМ, ССО, мүдделі тараптар, білім беру ұйымдары
4	Кәсіптік стандарттарды өзектендіру және әзірлеу	Бұйрық	2027–2029 жылдар (қажет болған жағдайда)	ӘМ, ССО
5	Саладағы тапшы, жаңа және трансформацияланатын кәсіптер тізбесін қалыптастыру және жыл сайын өзектендіру	Кәсіптер тізбесі	Жыл сайын (қажет болған жағдайда)	ӘМ, ССО
III. Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес қызметінің тиімділігін арттыру				
6	Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің	Бұйрық	2027–2029 жылдар (қажет болған жағдайда)	ӘМ, ССО

	құрамын қалыптастыру			
7	Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу	Жұмыс жоспары	Желтоқсан (жыл сайын)	ӘМ, ССО, мүдделі тараптар, білім беру ұйымдары
8	Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің отырыстарын өткізу	Отырыс хаттамалары	Жартыжылдықта кемінде бір рет	ӘМ, ССО, мүдделі тараптар, білім беру ұйымдары
9	Салалық кеңестің кадрларға деген қажеттілікті талдау нәтижелерін қарауы және біліктіліктерді дамыту мен кадрлар даярлау жөнінде ұсынымдар әзірлеуі	Отырыс хаттамасы, ұсынымдар	Жыл сайын	ССО, Салалық кеңес
IV. Ұлттық біліктілік жүйесінің негізгі құралдарын дамыту және өзектендіру				
10	Технологиялық өзгерістерді, өндірістік процестерді және ССО қажеттіліктерін	Уәкілетті органға ұсыныстар	Жыл сайын	ӘМ, ССО

	ескере отырып, Ұлттық кәсіптер жіктелімдерін өзектендіру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру және жолдау			

Қысқартулар тізбесі

ӘМ – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

ССО – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

СК – Салалық кеңестер;

ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

ТжКББ – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру.